

«Бір ел бір кітап» - акциясы

Қазақстанда ҚР Мәдениет министрлігінің қолдауымен, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы және ҚР Кітапханашылар қауымдастығының бастамасымен «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында жалпы халықтық оқуға Жыл кітабы таңдау үшін акция комиссиясының отырысы өтті.

Акцияның мақсаты - жастарды патриоттыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, оқу мәдениетін қолдау және дамыту, сауаттылықты арттыру, рухани мұраны сақтау мен әдебиетіміздегі ең үздік туындыны оқу оны насихаттау.

«Бір ел – бір кітап» республикалық акциясының қорытындысы бойынша 2020 жылға Жыл кітаптары: Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы мен Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романы таңдалып алынды.



Абай Құнанбаев(1845-1904) - ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, либералды білімді исламға таяна отырып, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен. Абай өлең жазуды 10 жасында бастаған. Одан басқа ертеректе жазылған өлеңдері — «Йузи-рәушән», екіншісі — «Физули,

Шәмси». «Сап, сап, көңілім», «Шәріпке», «Абралыға», «Жақсылыққа», «Кең жайлау» өлеңдері 1870- 80 жылдар аралығында жазылған. Ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы — «Қансонарда» 1882 жылы жазылған. Алайда жасы қырыққа келгеннен кейін ғана көркем әдебиетке шындап ықылас қойып, көзқарасы қалыптасып, сөз өнерінің халық санасына тигізер ықпалын түсінеді. Шығармалары үш жүйемен өрбиді: бірі — өз жанынан шығарған төл өлеңдері; екіншісі — ғақлия (немесе Абайдың қара сөздері) деп аталатын прозасы; үшіншісі — өзге тілдерден, әсіресе орысшадан аударған өлеңдері. Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі - қара сөздері. Абайдың қара сөздері (Ғақлия) - ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зор салған.

Оның қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан "Абай" журналында жарық көрді. Кейіннен, Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз, т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды.



Мұхтар Әуезов(1897 -1961) - қазақтың әйгілі жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстан Ғылым академиясының академигі, филология ғылымының тұңғыш докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының және Лениндік сыйлықтың лауреаты. М. Әуезов – үлкен өмірлік, шығармашылық жолдан өткен ұлы тұлға. Ақын өзінің шығармашылық жолында талай жанрға, алуан тақырыпқа із салып, қыруар очерк, әңгіме, пьесалар

жазған, тамаша аудармалар жасаған, әдеби сынға, әдебиет тарихын зерттеу жұмысына белсене ат салысқан. М.Әуезов шығармашылығының асқар шыңы – Абай тақырыбы. Ұзақ зерттеп, кең тыныспен жазған «Абай жолы» роман-эпопеясын он бес жылға жуық жазған. Абай жолы – халық жолы, халық жолы – Абай жолы.



«Абай жолы» роман-эпопеясы - қазақтың көркем прозасын классикалық деңгейіне көтеріп, әлем әдебиетіне көркемдік қуат әкелген үздік туынды. Әуезов өзінің роман-эпопеясында қазақ халқын, оның ұлттық дәстүрін барлық қырынан энциклопедиялық деңгейде жан-жақты ашып көрсетті. Әуезовтың «Абай жолы роман-эпопеясы әлемдік деңгейде: «XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі» деген жоғары

баға алды. Сондай-ақ бұл роман-эпопея қазақ халқын, қала берді бүкіл түркі әлемін дүние жүзіне танытқан ұлы шығарма ретінде де танылды. Осы төрт томнан тұратын *«Абай жолында»* қазақ қоғамының алуан түрлі топтары кең қамтылып, сан қырлы тұтас галерея жасалды. Онда қазақ халқының этнографиялық, діни, жалпы мәдени-танымдық дәстүрлерінің бәрі бар. Роман-эпопеяның танымдық мәнімен бірге ұлттық әдебиет пен мәдениетті, ана тілін өркендетудегі рөлі зор болды. Алғашқы екі кітаптан тұратын *«Абай»* романы үшін жазушыға КСРО мемлекеттік сыйлығы (1949) беріліп, төрт томдық «Абай жолы» роман-эпопеясы жарық көргеннен кейін ол *«Лениндік сыйлықтың»* лауреаты (1959) атанды. Эпопея дүние жүзі халықтарының бір жүз он алты тіліне аударылған. Ол екі жүз томдық *«Әлем әдебиеті кітапханасы»* топтамасында екі том болып басылды.



Әбу Насыр Әл-Фараби (870-950) - әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі.

Әбу Насыр Әл-Фараби — түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, «Әлемнің екінші ұстазы» атанған ғұлама. Оның заманы «Жібек жолы» бойындағы қалалардың, оның ішінде Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезіне дәл келеді. Әбу Насыр Әл-Фараби Орта Азия, Парсы, Ирак, араб елдері қалаларына жиһанкездік сапарлар жасап, тез

есейді. Ол жерлерде көптеген ғұламалармен, ойшыл-ақындармен, қайраткерлермен танысып, сұхбаттасты. Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген. Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 150-ге тарта трактат жазып қалдырды. Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі **«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат»** деп аталады. Оның атақты «Музыка туралы үлкен трактат» деген шығармасы әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. Шығармаларында көне грек оқымыстыларының, әсіресе, Аристотельдің еңбектеріне талдау жасады. Әл-Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің «Категориялар», «Метафизика», «Герменевтика», «Риторика», «Поэтика», бірінші және екінші «Аналитика», «Топикасы» және т.б көптеген еңбектеріне түсініктемелер жазды.

Әбу Насырдың Платон және Аристотель философиясындағы идеяларға арналған кітабы оның философия саласындағы аса көрнекті ғалым екенін әрі философия пәнін терең меңгергенін дәлелдейді. Фараби Аристотельдің әлеуметтік-қоғамдық идеяларын дамыта отырып, өз тарапынан да «Кемеңгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Мәселелердің түп мазмұны», «Ғалымдардың шығуы», «Бақытқа жету», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» сияқты көптеген сындарлы философиялық еңбектер жазған. Фараби бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады. Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды.




Әнуар Әлімжанов (1930-1993)- РКФСР, Қазақ АКСР, Алматы облысы (қазіргі Алакөл ауданы, Қарлығаш ауылы) — қазақ жазушысы.

1954 жылы Қақтың мемлекеттік университетінің «Журналистика» факультетін бітірген. Шығармаларының көбісін орыс тілінде жазды. Оның алғашқы әңгімелері, очерктері, публицистикалық мақалалары 1952 жылы жариялана бастады. Әнуар Әлімжановтың тақырыбы алуан салалы: қазақ

халқының өткен дәуірдегі мүшкіл халі, бүгінгі гүлденген Қазақстан, социализмнің белсенді құрылысшылары, жаңа совет адамдары, халықтар достығы, Азия, Африка елдерінің ұлт азаттығы жолындағы жан қиярлық күресі т.б.


Ол - «**Отырардың күйреуі**», «**Ұстаздың оралуы**», «**Махамбеттің жебесі**» атты кітаптарымен оқырманға жақсы таныс. Ол - ешкімге бас ұрмай өтті, тек әділдікке, ақиқатқа табынып өтті. Оның жазушылық, азаматтық позициясы да осы принциптерден өріліп шықты. Ол - тек қаламгер ғана емес, ол сондай-ақ, саяси қайраткер.



«**Ұстаздың оралуы романы**» - «Ұстаздың оралуы» романында Ә.Әлімжанов сонау X ғасырда өмір кешкен кемеңгер жерлес ғалымымыз, кезінде «Шығыстың екінші ұстазы» атанған Әбунасыр әл-Фарабидің ғибратты өмірін сөз етеді. Адамдықтың, жақсылықтың мәңгілік жауы - надандық тұманын сейірту үшін, жамағатшылыққа ең адал, таза даму, көркею жолын іздеп, ақиқатпен, біліммен қаруландыру үшін өмір бойы еңбектенген, өз басының тыныштығы мен бақытын осы мақсатқа құрбан еткен, ғажайып ғалым әл-Фарабидің өшпес онегесін айту әрі ауыр, әрі

құрметті міндет еді. Бір халықтың емес, барша халықтың алдына білім шырағын жаққан, артына таусылмас мол рухани байлық қалдырған әл-Фарабидің жарқын тұлғасы романда үлгі аларлық болып шыққан.

«Ұстаздың оралуы» өзінің тақырыбы, жанры және идеялық көркемдік шешімдері жағынан бүкіл совет әдебиетіндегі салдарлы туындылар легіне қосылады.



Алтын Орда (1243-1503) - Орта ғасырларда Шыңғыс хан империясының құрамында дешті қыпшақта құрылған түрік мемлекеті. Экономикалық және әскери күш-қуаты толысып мәдениеті өркендеген кезеңде (XIII-XIV ғғ) мемлекет жерінің көлемі 10 млн км²-ден асты. Батыста Днестрге, Шығыста Ертіске, оңтүстікте солтүстік кавказға дейін жетті. Орыс княздықтары да Алтын ордаға тәуелді болды. Бату хан тұсында астанасы Еділ бойындағы Сарай қаласы болып кейін Берке сарайына (Сарай әл-Жадид) көшірілді. Берке хан билік еткен кезеңде (1257-66)

Шыңғыс хан ұрпақтары және оларға ере келген әскерлер мұсылман дінін қабылдай бастады, біртіндеп жергілікті түркі халықтарының әдет ғұрпына бой ұсынып, араласып кетті. 1312 ж Өзбек хан Алтын ордада Ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялады. XIV ғ 2-жартысынан бастап Алтын ордада орталықтандыруға қарсы күштер әлсірей бастады. Орданың батыс жағындағы Еділ бойында, Астраханда, Қырымда, Сарайшықта жергілікті билеушілер күшейді. Алтын орда жеріндегі саяси өзгерістер оның құрамындағы Ақ орда, Шайбани ұлыстарының дербес бой көтеруіне мүмкіндік туғызды. Ерзен және Мүбәрәк Хожа хандардың иелігі болған Ақ орда XIV ғ 2-ширегінде Алтын ордан бөліне бастады. Әмір Темірдің жойқын әскери жорықтары да Алтын орданың құлауына әкеліп соқтырды. 1502 ж Соңғы билеуші Шейх Ахмет ханның өлімінен соң Алтын орда мемлекеті жойылды. Алтын орда жерінде Қырым (1428-1792), Қазан (1437-1556), Қасым (1445-1681), Астрахан (1466-1557), Сібір (1563-1656), Башқұрт (1656-1738), хандықтары сияқты

мемлекеттік құрылымдар пайда болды. Қазақ хандығы да осы кезеңдерде (шамамен 1466) қалыптасты.